



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы 24 маусым

№ 20

Балқаш қаласы

город Балхаш

«Ағыбай батыр атындағы оқушылар сарайы» КМҚК 2022-2023 оқу жылының аяқталуы туралы

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА «2022-2023 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқаулық хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**


1. 2023 жылдың 25-ші мамырында «Ағыбай батыр атындағы оқушылар сарайы» КМҚК үйірмелерінде оқу сабақтары **аяқталсын.**
2. «Ағыбай батыр атындағы оқушылар сарайы» КМҚК педагогтері 2023 жылдың 25-ші мамырына дейін ата-аналарға арнап, үйірмелердің 2022-2023 оқу жылының қорытынды есеп беру іс-шараларын ұйымдастырып **өткізсін.**
3. 2023 жылдың 26-шы мамырында қорытынды педагогикалық кеңес **өткізілсін.**
4. Педагогтердің еңбек демалысы кестесіне сәйкес 2023 жылдың 1-ші маусымынан бастап «Шығармашылық шуағы» жазғы демалыс алаңында үйірме жұмыстары **ұйымдастырылсын.**
5. Жазғы каникул кезеңінде мектеп жанындағы лагерьлер мен қала мектептерінің алаңдарына арналған қалалық "Балауса" демалыс орталығының қызметі үшін жауапты ұйымдастырушы педагогтарды айлар бойынша бөле отырып, көпшілік іс-шаралар бөлімінің меңгерушісі А.А.Тойшыбекке жауапкершілік **жүктелсін:**
 - 1-ші маусымнан 30-шы маусымға дейін – Тоғайбекова Г.Қ.;
 - 1-ші шілдеден 31-ші шілдеге дейін – Балтабай Ж.А.
 - 1-ші тамыздан 30-шы тамызға дейін – Калиакпар Н.О.
6. Үйірме сабақтары мен көпшілік іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірінің сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету қосымша білім беру педагогтері мен педагог-ұйымдастырушыларға **жүктелсін.**

7. Ауыз су режимін ұйымдастыруға жауапкершілік шаруашылық меңгерушісі М.Д.Жанайдароваға **жүктелсін.**

8. Кабинеттердің, үй-жайлардың тазалығы және санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы үшін (дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, дезинфекциялау құралдарымен кабинеттерді ылғалды жинау, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау) жауапты болып шаруашылық меңгерушісі М.Д.Жанайдарова **тағайындалсын.**

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Утеноваға **қалдырамын.**

Директор



[Handwritten signature]

А.Кузьмина

Бұйрықпен танысты:

Утенова А.А.

[Handwritten signature]

Шойсенов А.А.

[Handwritten signature]

Закатайсы Н.Д.

[Handwritten signature]

Смағайбекова З.К.

[Handwritten signature]

Қашақтар Н.О.

[Handwritten signature]

Жанайдарова М.Д.

[Handwritten signature]